



Философия ғылымдарының докторы, профессор  
**ҒАБИТОВ ТҰРСЫН ХАФИЗҰЛЫНЫҢ**  
70 жылдық мерейтойына арналған  
«**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ**»  
атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**



**МАТЕРИАЛЫ**  
международной научно-методической конференции  
«**ТРАДИЦИОННАЯ КАЗАХСКАЯ  
КУЛЬТУРА И СОВРЕМЕННОСТЬ**»,  
посвященной 70-летию профессора,  
доктора философских наук  
**ГАБИТОВА ТУРСУНА ХАФИЗОВИЧА**



**MATERIALS**  
of the international scientific and methodological conference  
«**TRADITIONAL KAZAKH CULTURE AND MODERNITY**»,  
devoted to the 70<sup>th</sup> anniversary of doctor of  
philosophy sciences, professor  
**TURSUN GABITOV**

Алматы 2018

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Казакский национальный университет имени аль-Фараби  
Al-Farabi Kazakh National University

Философия және саясаттану факультеті  
Факультет философии и политологии  
Faculty of Philosophy and Political Science

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы  
Кафедра религиоведения и культурологии  
Department of Religious and Cultural Studies

---

Философия ғылымдарының докторы, профессор  
Ғабитов Тұрсын Хафизұлының  
70 жылдық мерейтойына арналған  
«ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ» атты  
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-методической конференции  
«ТРАДИЦИОННАЯ КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА  
И СОВРЕМЕННОСТЬ»,  
посвященной 70-летию профессора, доктора философских наук  
Габитова Турсуна Хафизовича

MATERIAL  
the international scientific and methodological conference  
“TRADITIONAL KAZAKH CULTURE AND MODERNITY”,  
devoted to the 70<sup>th</sup> anniversary of doctor of philosophy sciences,  
professor Tursun Gabitov

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018

## МАЗМҰНЫ

Eero Tarasti. To Professor Tursun Gabitov at his 70th anniversary.....	3
Нысанбаев Ә.Н., Сатершинов Б.М. Мәдениеттану майталманы.....	4
Мырзалы С.К., Анасова К.Т., Курманбаева Л.Т. Культура спасет мир.....	6
Рысбекова Ш.С. Кафедрада Турсын Хафизович бар.....	9
Асқар Л.Ә., Аташ Б.М. Ұлағатты ұстаз – ғалымның тәлімі.....	9
Затов Қ.А. Ұстаздық еткен жалықпас.....	12
Масалимова А.Р., Бөкебаев Б. Мәдениеттану ғылымының бәйтерегі.....	13
Зейнуллин Р., Осербаев Е.. Ұлағатты ұстаз.....	15

### КЕҢІСТІК АЯСЫ МЕН УАҚЫТ АҒЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

Сатершинов Б.М., Әбдіраманова А. Қазақстанның көркем мәдениеті және этноэстетиканың кейбір өзекті мәселелері.....	16
Құрманалиева А.Д., Басқынбаева Н.К. Қазақстандағы мәдениеттанулық ғылымның қазіргі жай-күйі мен даму көзжиектері.....	19
Нұрмұратов С.Е., Айтмұратов С.Б. Дәстүрлі қоғамның этикалық құндылықтарының дүниетанымдық маңызы .....	23
Рысбекова Ш.С. Основные противоречия, особенности и теории идентификационных процессов в информационном обществе.....	27
Құдайбергенов С.Е., Молдабесков Ж.Ж., Исмағамбетова З.Н., Мәдени мұра – ұрпақтар сабақтастығының негізі.....	30
Абишева А.К., Абдулина Н.А., Традиционные ценности казахов кочевого периода.....	33
Омарова Г.С. Түркі әлемін біріктіретін рухани негіздер.....	36
Мұханбет Ә.А. Дәстүрлі қазақ ауылының тарихи маңызды белгілері.....	40
Әбікенов Ж.О. Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар негізінде аймақтық туризмді дамытудың бағыттары.....	43
Тутинова Н.Е. Батырлар жырындағы қазақ-жоңғар байланыстары.....	46
Тутинова Н.Е. Межнациональное согласие и межконфессиональная толерантность в Казахстане.....	50
Қаңтарбаева Ж.У., Мұрғабаяева А.С. Жаһандану аясындағы қазақ мәдениетінің ролі.....	52
Өмірбекова Ә.Ө. Ұлттық өзіндік сана – тәуелсіздік тірегі.....	54
Камалова Ф.Б., Қаңтарбаева Ж.У., Нарымбаев Қ.Д. Межнациональное согласие и межконфессиональная толерантность в Казахстане .....	56
Тукбаева Л.М., Шалғынбай Ж.Қ., Шугенова С.С., Ұлттық код – рухани жаңғырудың негізгі тірегі.....	58

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТАНУ: ӘДІСНАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Масалимова А.Р., Даулетова Г.О. Қоғамдық жаңғыру үдерісіндегі символикалық құбылыстарды зерттеу әдіснамасы.....	61
Габитов Т.Х., Казахстан нуждается в современных культурологах.....	64
Байтенова Н.Ж. Вопросы религиозного и религиозоведческого образования профилактика радикализации молодежи.....	68
Құрманалиева А.Д., Асан А. Қазіргі ислам әлеміндегі мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар.....	71
Мұсатаев С.Ш. Рухани жаңғыру мен ұлттық кодты сақтаудағы төл мәдениеттің ролі .....	75
Бейсенов Б.Қ., Игнатов А.Р. ТМД елдеріндегі діни жағдай: ұқсастық және ерекшелік .....	78
Габитов Т.Х., Жексембі Ә.А. Қазақ күй өнерінің мәдени бастаулары.....	83
Канагатова А.М., Санарова Д.Р. Культурное пространство цифрового поколения: генезис и трансформация.....	87
Абдужаппаров Р.Н., Назарбек Қ.Ж. Дәстүрлі емес діни ағымдар және олардың белең алу көріністері.....	89
Бекжан Ө.Қ. Киберкеңістіктегі қазақ мәдениеті: ерекшелігі және проблемалары. ....	92
Мухабаяев Н.Ж. Қазіргі қазақ қоғамындағы еңбек этикасының ролі.....	94
Алиқбаева М.Б. Мәдениеттанулық пәндерді оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығы .....	97
Бияздықова К.Ә. Қазақ мәдениетін оқытудың инновациялық әдістері.....	100
Бағашаров Қ.С. Елімізде неке мәселесі реттеуді қажет етуде.....	102
Аблаева Г.К. Культурное пространство Казахстана: Союз государства, бизнеса профсоюзам.....	103
Шамахай С. «Құпия шежіре» мәнмәтініндегі рухани құндылықтар.....	108

тыр А.С. Эволюция постановки проблемы языка и путей её решения: краткий	
культурологический экскурс языковому законодательству Республики Казахстан .....	111
ва З.Ж. Діни экстремизм – діни дағдарыстың нышаны.....	115
тов Р.Ф. Источники и типологии финансирования терроризма.....	118
g Soon-ok Chun Byong-soon Application of anthropological methodology in industrial fields... ..	121
налиева А.Д., Утебаева Д.С. Қазақ даласындағы исламның таралуының ерекшеліктері.....	123

**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ҚАЗАҚ ЭТИКАСЫ:  
ӘДІСНАМА ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР**

риева А.Т., Тунгатова У.А. Дінтанулық білім берудегі зайырлық принциптер.....	128
баев С.Б. О философии тюрков.....	130
инова К.К. Дала өркенистің данышпандары. Шәкәрім.....	135
убаева А.К. К вопросу о методологических подходах к исследованию проблемы	
индивидуальности.....	138
жанов Н.Е. Жолдубаева А.Қ., Ценностные ориентиры кочевого народа.....	143
Б.М., Асқар Л.Ә., Сыздықова С. Академиялық бағдарлану жүйесінде «қазақ философиясы тарихы»	
оқыту жүйесі.....	145
инов Н.М., Исмағамбетова З.Н., Карабаева А.Г. Бейбітшілікті сақтаудағы діни толеранттылықтың	
.....	150
ва А.А., Аралбай С.М. Қазақ халқының философиялық дүниетанымы. ....	152
и Н.М., Альджанова Н.Қ., Бағашар Қ.С. Қазіргі Қытай Халық Республикасының қоғамдық-саяси	
індегі исламның ролі.....	154
ибеткалиев Е.Е. Абай даналығындағы «адам мен әлем» арақатынасы мәселесі. ....	157
ева Н.С. Қазақстандағы мормондық шіркеудің қызмет бағыттары.....	161
лет Е. Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру кепілі.....	163
ов К., Цимбалюк С. Футурологическая концепция Элвина Тоффлера и молодёжь .....	165

тимеде мен тиме» тактикасымен өмір сүру ол адамға қалыпты жағдай. Абай дүниетанымында осыған орай: «егерде бір адам жаман болса, оған замандасы кінәлі» деген. Яғни, адам туа жаман емес, жүре жаман болады.

*Дүние ешқандай қапшыққа симайды.*

*Кейде жаяудың арбамен жүретін кезі болады,*

*Кейде арбалының жаяу жүретін кезі болады,-*

деп аумалы төкпелі заманда адамның күні адаммен екенін баса айтады.

Адам баласының дүниеге келгендегі мақсаты, өзгеге үлгі боларлықтай болу деген болатынбыз. Қазақ дүниетанымында ерекше орын алатын категориялардың бірі - ар-ұят мәселесі. Ар-ұят мәселесі Шәкәрім дүниетанымында ерекше орын алады:

*Сабыр сақтық ой толып болмаған жан*

*Анық төмен болмайма хайуаннан*

*Ынсап, мейірім, ар-ұят табылмаса*

*Өлген артық дүниені былғағаннан.*

деп жырлайды. Әрине адам қарны ашса өмір сүруі мүмкін, қаны бұзылып, ар-ұятын сатса, саналы адамның өмір сүруі үмкін емес. Сонымен қазақ дүниетанымы даналығын оқи отырып, оның ұлының бойына сіңген даналық рухты, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшелікті тани аламыз. Әр адам ең бірінші өзін кзі тануы қажет, содан кейін қлтына сіңген даналықты, дүниетанымды игере білуі керек. Кез келген нәрсе өз мәнділігенде өмір сүрсе, табиғи әсемдігін сақтай білмек.

Қазақ даналығы – таусылмас дүниетаным. Қазақ даналығы адамдардың санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіретін, ойлау қабілеін арттыратын дүниетаным. Сондықтан да Абайдың «толық адам» іліміне қазақ қана емес, ғылым мен прогрестің шыңына жетіп қайшылыққа ұрынған бүкіл адамзат баласы аса мұқтаж.

#### Әдебиеттер:

1. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым.- Алматы, 1995.- 21- 22-б.
3. Алдаспан: XV-XVIII ғғ. Қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы / Құраст. М.Мағауин. – Алматы: жазушы, 1971
4. Шәкәрімұлы. А. Менің әкем, халық ұлы-Шәкәрім // Жұлдыз.-1992 .№ 11

## ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ИСЛАМНЫҢ РӨЛІ

**Мұқан Н.М.**

*философия докторы (Ph.D)*  
(Алматы)

**Альджанова Н.Қ.**

*философия докторы (Ph.D)*  
(Алматы)

**Бағашар Қ.С.**

*философия докторы (Ph.D)*  
(Алматы)

Бүгінгі таңда, Қытай елі исламшылдықтан қорқу себепті елде мұсылмандарға қатысты қайта пікір жасайды және бір жағынан, дін бостандығы мәселелерінде белгілі бір шегіністер, заңды жекілдік жасау болса, екінші жағынан, жағымсыз идеялар негізгі факторлар болып қалуда. Атап айтқанда, Пәкістан, Ауғанстан және т.б. шекаралас елдердегі тынышсыздық, сонымен қатар, исламистік террористік ұйымдардың заңсыз әрекеттері.

Енді, осы исламистік халықаралық террористік және сепаратистік ұйымдардың ықпалымен және қаржыландыруымен орын алып жатқан қазіргі Қытай еліндегі терористік және діни-экстремистік әрекеттердің салдары мен зардабын осы елдің тарихындағы қоғамдық-саяси өміріндегі ахуалдан байқалады.

Мұсылмандардың Қытай мемлекетінің билігінің астында болуы оларға жат жерлік, жаулаушылық ғана емес, сонымен бірге “опасыздардың” билігі болатын. Бұл жағдай екі қауымның – жергілікті мұсылмандық және сырттан келген қытайлық (*қызметшілер, жер аударылғандар және т.б.*) қауымның арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіріп жіберді. Қытайлық әскери бюрократтық жүйесінің және сонымен байланысты сырттан келген элементтердің өндіруші мұсылмандарды тікелей

экономикалық қанауы, мұсылман қауымының күшейтілген саяси-әлеуметтік жүйеден бас тартуының бір себебі. Басқа себебі – психологиялық еді, яғни «опасыздардың» билігіне бағынушылықты түсіну.

Біріншіден, мұсылмандар өзге дінді адамдармен некелесуіне қарсы болды. «Опасыздармен» тығыз қатынастан бас тартуының себебі, әйел адамның ерекше орнына негізделді. Ол бойынша мұсылман әйелінің өзге сенім өкілімен физикалық жақындығы, тіпті некелесуі де тұрмыстық ерекшеліктерді бұзу, мұсылман қауымының өмір сүру салтының негізіне балта шапқанмен бірдей болып есептелді.

XIX ғасыр Қытайдың ішкі саяси өмірінде жер-жердегі мұсылмандардың көтерілісшілерімен есте қалады. Олардың бәріне ортақ дүние – өзінің мұсылмандық мемлекеттігін құруға талпынысы болатын. Бұдан басқа маңызды себеп «әйел мәселесі», нақты айтқанда өзге дін өкілдерінің мұсылман әйелдеріне зорлық-зомбылық әрекеттері туралы деректері болатын. Бұл жағдайды мұсылмандар өздерінің тұрмыстық парыздарын қорғау және діни уағыздарына қастандық жасау деп қабылдайды [1, 145 б.].

XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында Шығыс Түркістандағы наразылықтардың себептерінің арасында Бейжиннің өкілеттісі На Енченнің сөзі бойынша Қапқар билеушісінің мұсылман қызын бірге тұруға мәжбүрлеу дерегі бар. Әкесі қызын өлтіріп, билеушіге басып алып келеді.

ҚХР-дегі ұлттық азшылықтар жөніндегі комиссияның материалдары бойынша «Шыңжаңдағы мұсылман қауымының санасына күшті әсер еткен жағдай ол - хандар мен мұсылмандар арасындағы некелер болатын. Бұл қауым аралық қатынастардағы өте шиеленісті мәселе болатын. Ол тұрмыстық тұрғыдағы мәселе шегінен шығып, саяси маңызы бар әскери мұсылмандық ұлтшылдыққа айналатын, өйткені, мұсылман әйелдерімен кәпірлердің арасындағы неке мұсылман еркектерінің намысына тиді, діни сезімін оятты» деп баяндайды [2].

Мұсылман қауымының қысымымен Шыңжаң өкіметі қытай ұлтының өкілдеріне мұсылман әйелдерін әйелдікке алуға тиым салды. Бұл ереженің шығуына қанағаттанбаған мұсылман қайраткерлері бұл өзекті мәселеге Батыстың дипломатиялық өкілдерінің назарын аударғты.

Қазіргі уақытта, мұсылмандар қоныстанған Қытай бөліктерінде тыныштық орнағанымен, ішінара қақтығыстар орын алып тұрады.

Әртүрлі іс-шаралар мен қақтығыстар Шыңжаңның астанасы Үрімші қаласы көп кездеседі. Мұнда, исламдық сипаттағы сепаратистік топтардың құқыққа қайшы әрекеттері жиі орын алады. Мысалы, соңғы он жылдың ішінде аталған аймақта діни сипаттағы келіспеушіліктер салдарынан қақтығыстар орын алып, билік тарапынан террористік актіге баланған шабуылдардың салдарынан бес жүзге жуық адам қаза тапқан және мыңға жуық адам жарақат алған.

Сонымен қатар соңғы жылдары діни-экстремизмді насихаттайтын -аудио, -видео материалдарын таратумен айналысқан бірнеше топтарды елдің құқық қорғау органдары құрықтап, қылмыстық жазаға тартқан деректер бар. Ал, 2014 жылдың 22 мамырында Үрімші қаласында қалалық саябаққа жақын базарда екі жеңіл көлік жоғары жылдамдықпен келіп, жарылғыш заттарды автокөлік терезелерінен лақтырылып, нәтижесінде жүзге жуық адамдар әртүрлі деңгейдегі жарақаттар алып, отыздан астам адам қаза тапқан [3].

2014 жылы Қытайдың Үрімші және Куньмин қалаларында темір жол станцияларында исламистер тарапынан шабуылдар жасалды және Пекиннің бас алаңы саналатын Тяньаньмэнь алаңында ұлты ұйғыр, исламның радикалды ағымын қуаттаушы тұлға, көлікпен адамдарды қағып, нәтижесінде бес адам ажалға ұшты.

2014 жылы 21 маусымда, Қытайдың Қашқар префектурасында 13 адам соққыға жығылып қаза тапты, оның батысындағы Шыңжаң провинциясында, полиция станциясына шабуыл жасалған. Жергілікті биліктің айтуынша, белгісіз адам полиция бекеті ғимаратына көлікке жарылғыш құрылғы орнатқан [4].

2015 жылы 28 мамырда қытай соғында терроризм, сепаратизм және кісі өлтіруге 55 адам кінәлі деп танылған. Олардың үшеуі өлім жазасына кесілді. Сотталғандардың көпшілігі Шыңжаң-Ұйғыр облысында мұсылман ұйғырлар тарапынан болғаны белгілі болды. 2015 жылы Қытай құқық қорғау органдарының қызметкерлері Шыңжаң облысында құқыққа қайшы әрекеттерін анықтап, терроризм және діни экстремистік насихат жүргізгендіктері және сепаратистік іс-әрекеттері үшін айналасында 200 адамнан тұратын исламистік топты заңға тартқан.

2016 жылдың 3 тамызында Қытай үкіметі елдің солтүстік батысындағы Шыңжаңда 37 адам өлімін хабарлады. Оқиға 28 шілдеде болған, бір ақақпарат қоғамға кейін хабарланды. Синьхуа мемлекеттік Ведомствосының хабарлауынша, азаматтық зардап жасаған белгілі бір қарақшы топтың артында жергілікті және халықаралық террористік ұйымдар бар екенін жариялады. «Шабуылшылар ығыстырылып, 59 адам қаза болған. Тәртіпсіздіктер діни негізде және құқық қорғау органдарымен қаруды пайдалана отырып қақтығысқа түскен. Сондай-ақ мұсылмандар, пышақ және балтамен қаруланған, 30 полиция авто көліктерін қиратып, полиция станцияларына және мемлекеттік ғимараттарға шабуыл жасаған. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық өлкесінің үкіметінің мәлімдемесінде,

жергілікті және шетелдік террористік ұйымдардың қолдауымен жасалған террористік акт екені мәлімделді. Бұл оқиғаны, «қасакана ұйымдасқан, мұқият жоспарланып, қатерлі мақсаттарда жүргізілген террорлық шабуыл» деп хабарлады билік өкілдері.

Қытайдың билігін ұлттық егемендігі мен тұтастығын қорғауға келгенде мінезсіз деуге болмайды. Батыстықтардың демократиялап алақай салуы оларға жарлық емес, оған дәлел ретінде Тяньаньмэнь алаңында оқиғаларды мысалға алсақ болады. Осы тұрғыдан алғанда, олардың мұсылмандарға қатысты қатыгездік полициясы туралы ақпарат шынайы болуы мүмкін.

Екінші жағынан, Қытайдағы жалпы мұсылман халқы, атап айтқанда, қақтығыстар нәтижесінде, олардың құқықтарының бұзылуына қатысты сезімталдықтың арту деңгейімен сипатталады. Тараптардың ешқайсысы шегінуге шешім қабылдамайды. Ол қалай аяқталатынын, тек бір ғана Құдай біледі.

Исламның Қытайда бірнеше ғасыр жетілуі нәтижесінде Қытайда шамамен 25 миллионға жуық мұсылман бар, 40 000 мешіт, орталықтанған ислам ассоциациясы бар (*оның алғашқы президенті болған татар ұлтынан шыққан – Бурхан Шахиди*), оқу орындары, газеттер, журналдар, және басқа да «стандартты» исламдық инфраструктурасы бар.

Қазіргі таңдағы қытай қоғамындағы саяси және этномәдени процесстер Қытай діни тарихын тереңірек зерттеуге итермелейді. Қытайдың дәстүрлі діндері – конфуцианства, буддизм, даосизммен қатар қытайлық өркенітеттің қалыптасуына ислам да елеулі ықпал етті. Қытайда мұсылман қауымдастығы 1300 жылдан астам уақыт өмір сүріп келеді, және қазіргі таңда әлемдегі ең ірі қауымдастықтардың бірі болып саналады. Қытайдағы мұсылмандардың саны 27 млн. адамнан асады. Қытайдың кебір облыстарында (Синцзян Ұйғыр автономиялық районы, Нинся-Хуэси автономиялық районы) ислам басым діни дәстүр болып есептеледі. Мұсылмандар Қытайдағы ең әлеуметтік белсенді топтардың бірін құрайды. Ислам жақтастары мемлекеттік басқару органдарына, кәсіподақтарға, ғылыми-ағартушылық және саяси ұйымдарға кіреді. Қытайда мұсылмандық діни, қоғамдық мәдени ассоциациялардың және одақтардың, бұқаралық ақпараттын баспа және электронды құралдарының біршамасы қызмет атқарады. Қытайлық мұсылмандық экономикалық салада да біршама бастамаларға ие. Мемлекетте қытайлық мұсылмандар негізін құрған біршама сауда-экономикалық және өндірістік кәсіпорындар, қаржы ұйымдары жұмыс жасайды[5].

Ойымызды тұжырымдайтын болсақ, Қытайдағы мұсылмандар аспан асты елінің жалпы халқының 2% нан аспайтын бөлігін қамтитынын байқаймыз.

Шындығында, «қытайлықтар қайда болса, Қытай сонда» деген ұранды ұстанады. Қытай халқының іргелі ерекшеліктерінің бірі ұтымдылық және прагматизм болып табылады. Ежелгі Қытай іліміне толық діни принцип: адамның орны - табиғатпен үйлесімде, заттардың өзара тиімді ынтымақтастығында деген ұғым. Қытайда конфуцийлік ғалым басқа адамның жанын қарауға тырысады, олар рухани тәжірибені түсінуге кісіні шақырады. Сол себепті, ол ортақ игілікке қол жеткізу үшін бірлескен тұрмысын құрып отыр. Конфуций ілімдері қатынастардың ұлттық жүйесі, трансперсоналды этикалық норма айналғанын қытай халқының санасына енгізген. Прагматикалық және осы ілімнің жоғары практикалық бағыттылығы Цзы цитатасының мысалынан көруге болады: «Егер сіздің арқаңызға түкіретін болса, онда сіз алда болғаныңыз». Бұл жеке адамға ғана қатысты қорығынды болып табылады, сондықтан ол жақсы.

Осылайша, ислам жақтастары қытай қоғамының этнодіни, саяси, экономикалық және мәдени қатынастарына едәуір ықпалын тигізеді. Сондықтан да, Қытайдағы исламның тарихын және қазіргі жағдайын зерттеу қазіргі таңдағы қытайлық қоғамның ұлттық, діни, әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін шешу үшін де, қытай мемлекетінің тұрақты дамуының одан арғы стратегиясын жасақтау үшін де өзекті болып табылады.

Қытайда дін мемлекеттен бөлінген. Өмірге осындай прагматикалық көзбен қарау құдайлық монотсистік идеялармен өскен біз үшін дәстүрлі Құдайдың дін және сенім мағынасын жоққа шығару сияқты көрінуі мүмкін. «Дін» мұндай менталитет үшін этика ғана болуы мүмкін және бұл шындық.

Қазіргі бәсекелі заманда ұшқан құстай дамып самған келе жатқан Қытай елі өз ішіндегі азұлтты халықтардың наным-сенімдерін де мемлекеттік тұрғыдан бақылауда ұстайды. Қытайдың қоғамдық-саяси өміріне, мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ислам дінін ұстанатын халықтардың діни-этникалық сипаттағы өткізген көтерілістері кері әсерін тигізіп отыр.

#### Әдебиеттер:

1. Кузнецов В.Н. Ислам в политической истории Китая. В 3-х ч. «VIII в. - 60-е годы XIX века». – М., 1996. – Ч 1. – С. 145.
2. ҚХР-дегі ұлттық азшылықтар жөніндегі комиссияның материалдары бойынша // <http://www.seac.gov.cn>.
3. Мұқан Н.М. Ислам Дінінің Қытайға Тарауына Дейінгі Ханзулардың Діндері // Человеческий Капитал и Инноватика 2015 №1, 141 - 144 Стр.
4. В Синьцзян-Уйгурском автономном районе ликвидированы 23 группировки террористов и религиозных экстремистов // <http://russian.news.cn/social/>.

## АБАЙ ДАНАЛЫҒЫНДАҒЫ «АДАМ МЕН ӘЛЕМ» АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІ

*Муханбетқалиев Е.Е.*

*философия ғылымдарының кандидаты, доцент,  
(Астана)*

Адам және Әлем мәселесі - философияның басты нысаны. Бұл арада «Әлем» ұғымын дәстүрлі «Дүниес» деген ұғыммен бара бар күйде қолданып отырмыз. Олай болса, Абай даналығындағы «Адам-Әлем» мәселесінің мән-жайына теренірек үніліп зерделейік.

Абайдың атын бүкіл әлемге танытқан заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов ақынның әдебиеттегі және мәдениеттегі орнын Абай шығармаларындағы даналықпен, поэтикалық көркемдікпен, әлеуметтік сарынмен және қазақ тұрмысының олқы жақтарын қатал сынаумен қарастырады. Бірақ Абай шығармашылығының осы қырларын философияға тікелей қатысты деп ойламайды: «...Шын мәнінде алғанда, - деп жазады Мұхан, - Абай философ емес..., оның арнап жазған философиялық жекеше терен толғаулы еңбектері, трактаты жоқ» [1, 180 б]. Сөз жоқ, бұл арада М.Әуезов философияға маркетік-лениндік тұрғыдан қарап, Абай шығармаларынан Батыс философиясына тән салаларды, бағыттарды, белгілерді көре алмай, Абайды философтар санатына қоса алмай отыр. Сонымен бірге ол Абайдың адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы, терен ойлы пікірлері барын ағап өтеді.

Абай философия бойынша іргелі еңбек жазбаған, алайда оның қаламынан терен философиялық поэзиясынан басқа философиялық толғаныстардан, толтума философиялық идеялардан тұратын «Ғажлия» немесе «Қара создер» атты еңбек туды. 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында Ж.Аймауытұлы «Журнал туралы» деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терен ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан)» [2]. Ойшыл ақын Мағжан Жұмабаев та өзінің «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде оның даналығына ерекше мән береді:

Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсен дәмі кетпес [3, 22 б].

Әрине, біз Абай философиясын ғылым, таным теориясы, методологиялық пайымдау деп сипаттай алмаймыз.

Қазақ философиясының тарихын зерттеуші, даналықтың табиғатына терен бойлаған ғалым Т. Х. Рысқалиевтің пікіріне жүгінетін болсақ: «Абай философиясын XIX ғасырдағы қазақ жеріндегі қоғамдық сананың формасы деп қарау ақылға сыйынқырамайды. Ол кезде ешкім де Абайдай ойлап, Абайдай түсінікке ие болған жоқ. Сондықтан да Абайды замандастары түсінбеді. Абайдың философиясы – оның өзінің ойы, пікірі, көзқарасы. Қоғамдық сананың формасы болып табылатын философия - көптің пікірі, түсінігі. Онда терендік, даналық жоқ. Абай мұндай философияны «ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты» деп қабылдамайды. Мұндай философия пікір деңгейінен әрі аса алмайды, түсінікке жете алмайды. Абай пікір мен түсініктің арасын айыра білсін. Кеңестік дәуірде философия анаған да, мынаған да, бәріне де түсінікті көзқарасқа айналды. Материалистік философияда түсінбейтін нәрселер аз. Ондай түсінікпен біз Абайдай ойшылдарға бойлай алмаймыз.

Абайдың түсінігі таң қалдырады. Оған дейінгі, одан кейінгі қазақ ойшылдары мен ғалымдарында кездеспейтін түсінік. Өткенді де, қазіргіні де, болашақты да қамти алған түсінік. Оқумен, тоқумен, тәжірибемен, ойланумен, толғанумен, терен бойлаумен келген түсінік. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразыға салып өлшеп беретін түсінік» [4, 44 б].

Абай дүниетанымы мен философиясындағы даналықтың қыр-сырын, бүге-шүгесіне дейін ашып көрсете білген профессор Т.Х. Рысқалиевтің пікіріне тоқталайық: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды.

Даналықты Абай ата-анасынан, әжесінен, халқынан, Батыс, Шығыс және орыс әдебиетінен, Құраннан, философиядан үйренді. Өзі де ізденіп оқып, танысқан ойшылдардан, оның іздегені, күткені даналық болды. Олар адамға қалай қарайды, не үшін бағалайды, олардың дүниесіне көзқарасы қандай, дүниенің күрделі жақтарын, қайшылықтарын қалай түсінеді; олар неге ұмтылады, неге құмар болады; олардың өмірінде зат қандай орын алады; олардың қанағатқа, баққа, қайғыға қалай қарайтыны; олардың создерінің тәрбиелік мәні т.т. - міне, әдебиеттен, философиядан оның білмек болғаны осы еді» [4, 44 б].